

Кәсіптік стандарт: «Шитті мақта дайындау және мақтаны бастапқы өңдеу»

1-ші тарау. Жалпы ережелер

1. Кәсіптік стандарттың қолдану аясы: «Шитті мақта дайындау және мақтаны бастапқы өңдеу» кәсіптік стандарты «Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес әзірленді. Кәсіптік стандарт жұмыскерлердің кәсіптік қызметтің белгілі бір түрін жүзеге асыруы, оның ішінде белгілі бір еңбек функцияларын орындауы үшін қажетті біліктілік деңгейлерін айқындауға, сондай-ақ жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім беру бағдарламаларын әзірлеуге арналған.

2. Осы кәсіптік стандартта мынадай терминдер, анықтамалар мен қысқартулар қолданылады:

1) шитті мақтаны дайындау – шитті мақтаны қабылдау, сапасы мен санын бағалау, сұрыптау, жинақтау, сақтау және тапсырушылармен есеп айырысу бойынша мақта дайындау пунктінде жүзеге асырылатын ұйымдастырылған технологиялық жұмыстар кешені;

2) шитті мақтаны мақта талшығына бастапқы өңдеу – шитті мақтаны мақта талшығына, тұқымға, линтке, талшықты қалдықтарға (улук құрамды және мамық құрамды) тазарту жөніндегі технологиялық операциялар кешені;

3) шитті мақтаны қайта өңдеу – шитті мақтадан мақта өнімдерін өндіру бойынша технологиялық процестер мен операциялардың жиынтығы;

4) тұқымды уландырғыштар – тұқымдарды ауру қоздырғыштары мен өсімдік зиянкестерінен дезинфекциялауға және қорғауға арналған препараттар;

5) шитті мақта – тұқымдары бөлінбеген талшық болып табылатын жиналған мақта жемістері;

6) линтерлеу – линтті гинирлеуден кейін мақта тұқымынан бөлу жөніндегі технологиялық операция;

7) дженирлеу – талшықты мақта тұқымынан бөлу процесі;

8) талшықты тазарту – талшықтың сапасын нашарлататын ақаулар мен арамшөптерді кетіретін технологиялық операция;

9) жетілу коэффициенті – шартты шкала бойынша талшықтың жетілу дәрежесінің сандық көрсеткіші, онда ең жетілмеген талшықтар 0 коэффициентімен, ал шекті жетілген талшықтар 5 коэффициентімен белгіленеді;

10) мақта қабылдау пункті – шитті мақтаны қабылдауға, сақтауға және босатуға арналған мамандандырылған құрылысжай;

11) мақта қабылдау пункті – шитті мақтаны қабылдауға, сақтауға және босатуға арналған мамандандырылған құрылысжай;

12) мақтаның сапасы – стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкестігін айқындайтын мақтаның тұтынушылық қасиеттерінің жиынтығы;

13) мақта талшығы – шикі мақтаны бастапқы өңдеу кезінде алынатын негізгі өнім;

14) мақта талшығының бумасы – техникалық регламенттер мен стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың талаптарын сақтай отырып, шитті мақтаны мақта талшығына бастапқы өңдеу нәтижесінде алынған ерекше тәсілмен престелген мақта талшығының белгілі бір көлемі;

15) линт – мақта талшығын мақта тұқымынан бөлгеннен кейін қалған талшықты тұқым жамылғысы;

16) мақта тұқымдары – шикі мақтаны бастапқы өңдеуден алынған мақта жемістері;

17) шитті мақтаның партиясы – сапасы туралы бір ілеспе құжатпен ресімделген, бір селекциялық және өнеркәсіптік сұрыптағы, типтегі және сыныптағы шитті мақтаның мөлшері;

18) шитті мақтаны сақтау – шитті мақтаны қабылдау, сақтау және босату жөніндегі технологиялық операциялар кешені;

19) информалды білім беру – білім беру ұйымдарынан және білім беру қызметтерін ұсынатын ұйымдардан тыс күнделікті қызмет барысында алынатын және оқыту нәтижелерін растайтын құжатты беру сүйемелденбейтін білім беру түрі;

20) формалды емес білім беру – оқыту орны, мерзімдері мен нысаны ескерілмей, білім беру қызметтерін ұсынатын ұйымдар жоспарланған, ұйымдастырған және жүзеге асыратын және оқыту нәтижелерін растаушы құжат беріле отырып жүргізілетін білім беру түрі;

21) кәсіптік кіші топ – еңбек функцияларының тұтас жиынтығымен қалыптастырылған және олардың құзыреттерін орындау үшін қажетті саланың кәсіптік тобының бір бөлігі;

22) кәсіптік топ – ортақ интеграциялық негізі бар және оларды орындау үшін еңбек функциялары мен құзыреттерінің ұқсас жиынтығын болжайтын саланың кәсіптік кіші топтарының жиынтығы;

- 23) біліктілік – жұмыскердің нақты еңбек функцияларын сапалы орындауға дайындық дәрежесі;
- 24) біліктілік деңгейі – күрделілік, еңбек әрекеттерінің стандарттылығы, жауапкершілік және дербестік параметрлері бойынша сараланатын жұмыскердің даярлық деңгейіне және құзыретіне қойылатын талаптардың жиынтығы;
- 25) еңбек функциясы – еңбек процесінің бір немесе бірнеше міндеттерін шешуге бағытталған өзара байланысты әрекеттер жиынтығы;
- 26) кәсіптік стандарт – кәсіптік қызметтің нақты саласында біліктілік деңгейіне, құзыреттеріне, мазмұнына, сапасына және еңбек жағдайларына қойылатын талаптарды айқындайтын стандарт;
- 27) кәсіп – арнайы даярлық нәтижесінде алынған және білім туралы тиісті құжаттармен расталатын белгілі бір білімді, іскерлікті және практикалық дағдыларды талап ететін адамның еңбек қызметінің негізгі түрі;
- 28) салалық біліктілік шеңбері – салада танылатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдық сипаттамасы;
- 29) ұлттық біліктілік шеңбері – салалық біліктілік шеңберлерін, кәсіптік стандарттарды әзірлеу үшін деңгейлердің, біліктіліктердің, жалпы кәсіптік құзыреттердің бірыңғай шкаласын айқындайды;
- 30) машықтар – қызметті жүзеге асыру және міндеттерді шешу мақсатында білімді пайдалану және құзыреттілік таныту қабілеті (логикалық, интуитивтік, шығармашылық және практикалық ойлауды пайдалану);
- 31) білім – оқу және жеке тәжірибесі арқылы ақпаратты меңгеру нәтижесі, оқу немесе жұмыс саласына қатысты фактілер, қағидаттар, теория мен практика жиынтығы, біліктіліктің міндетті түрде бағалануға тиіс компоненті;
- 32) құзыреттер – белгілі бір біліктілік деңгейіндегі кәсіптік қызметінде міндеттерді орындауды қамтамасыз ететін субъекті қызметінің сапасы;
- 33) тәжірибе – белгілі бір уақыт кезеңі ішінде кәсіптік қызметте пайдаланылатын іс жүзінде алынған білім, іскерліктер мен дағдылар.
3. Осы кәсіптік стандартта мынадай қысқартулар қолданылады
- 1) БА – Біліктілік анықтамалығы;
 - 2) БТБА – Бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы;
 - 3) ҰБШ – Ұлттық біліктілік шеңбері;
 - 4) ҚР – Қазақстан Республикасы;
 - 5) КС – Кәсіптік стандарт;
 - 6) ББХСС – Білім берудің халықаралық стандартты сыныптауышы.

2-ші тарау. Кәсіптік стандарттың паспорты

4. Кәсіптік стандарттың атауы: Шитті мақта дайындау және мақтаны бастапқы өңдеу
5. Кәсіптік стандарттың коды: A01161058
6. ЭҚЖЖ секциясын, бөлімін, тобын, сыныбын және кіші сыныбын көрсету:
- А Ауыл, орман және балық шаруашылығы
- 01 Өсімдік және мал шаруашылығы, аңшылық және осы салаларда қызметтер ұсыну
- 01.1 Бір- немесе екіжылдық дақылдарды өсіру
- 01.16 Тоқыма дақылдарды өсіру
- 01.16.1 Шитті мақтаны өсіру
- А Ауыл, орман және балық шаруашылығы
- 01 Өсімдік және мал шаруашылығы, аңшылық және осы салаларда қызметтер ұсыну
- 01.1 Бір- немесе екіжылдық дақылдарды өсіру
- 01.16 Тоқыма дақылдарды өсіру
- 01.16.2 Тоқыма дақылдарды және олардың тұқымдарын өсіру
7. Кәсіптік стандарттың қысқаша сипаттамасы: Шитті мақта дайындау және мақтаны бастапқы өңдеумен байланысты кәсіптік қызмет.
8. Кәсіптер карточкаларының тізімі:
- 1) Линтерлік жабдық операторы - 3 СБШ-нің деңгейі
 - 2) Джин жабдықтарының операторы - 3 СБШ-нің деңгейі
 - 3) Тоқыма өндірісінің кептіру жабдығының операторы - 3 СБШ-нің деңгейі
 - 4) Тұқым зертханасының зертханашысы - 5 СБШ-нің деңгейі
 - 5) Инженер-технолог (жалпы профиль) - 6 СБШ-нің деңгейі
 - 6) Сапаны бақылау жөніндегі инженер - 6 СБШ-нің деңгейі

3-ші тарау. Кәсіптер карточкалары

9. Кәсіптің карточкасы «Линтерлік жабдық операторы»:	
Топтың коды:	8159-9
Қызмет атауының коды:	8159-9-024
Кәсіптің атауы:	Линтерлік жабдық операторы
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	3
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:	

БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	«Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын (43-шығарылым) бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 22 қаңтардағы № 19 бұйрығы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 24 қаңтарда № 19923 болып тіркелді 2-тарау. Мақтаны және тінді дақылдарды алғашқы өңдеу жұмыстарына арналған разрядтар бойынша жұмысшы кәсіптерінің тарифтік-біліктілік сипаттамалары 3 - параграф. Джин жабдығының операторы, 4 - разряд 4 - параграф. Джин жабдығының операторы, 5 - разряд 5 - параграф. Джин жабдығының операторы, 6 - разряд		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: ТЖКБ (жұмысшы кәсіптер)	Мамандық: Талшықты материалдарды өңдеу технологиясы	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	Талап етілмейді		
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:			
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	8151-9-017 - Джин жабдығының операторы		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Мақта тұқымын линтерлеу процесін қамтамасыз ету		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Тұқымдарды линтерлеу процесін және линтерлік Жабдықтың жұмысқа қабілеттілігін қамтамасыз ету 2. Нормативтік талаптарға сәйкес мақта тұқымдарын алу процесін қамтамасыз ету	
	Қосымша еңбек функциялары:		
Еңбек функциясы 1: Тұқымдарды линтерлеу процесін және линтерлік Жабдықтың жұмысқа қабілеттілігін қамтамасыз ету	Дағды 1: Мақта тұқымын линтерлеу процесі	Машықтар:	
		4-разрядқа арналған машықтар: 1. Берілген режимде тұқымдарда линтерлеу процесін жүргізу. 2. Линтерлердің жұмысын реттеу. 3. Машина мен механизмдердегі ақауларды жою. 4. Линтерлерді жөндеуге және ара цилиндрін ауыстыруға қатысу. 5. Ара мен торларды тазалау. 5-разрядқа арналған машықтар: 1. Ұлғайтылған жұмыс камерасы бар линтерлерде процес жүргізу. 2. Автоматтандырылған пульт арқылы қашықтан басқару. 3. Линтерлердің қуат алуын реттеу. 4. Жабулар мен ақауларды жою. 5. Автоматтандыру жабдықтарын профилактикалық тазалау және жөндеу. 6. Төменгі разрядтағы оператордың жұмысын басқару.	
		Білімдер:	
		4-разрядқа арналған білімдер: 1. Қызмет көрсетілетін жабдықтың құрылымы. 2. Жұмыс органдары арасындағы саңылаулардың мөлшері. 3. Тұқымдарды линтерлеу технологиялық процесі. 4. Линт пен тұқымға қойылатын стандарттар. 5. Еңбекті қорғау және қауіпсіздік ережелері. 5-разрядқа арналған білімдер: 1. Жабдық пен пульттың құрылымы. 2. Қашықтан басқару схемасы. 3. Цех жабдықтарын реттеу қағидалары. 4. Линт сапасына қойылатын талаптар.	
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді	

	Дағды 2: Линтерлер батареясын, оған жанасқан технологиялық және көмекші жабдықтарды қызмет көрсету	Машықтар: 4-разрядқа арналған машықтар: 1. Жабдықтың үзіліссіз жұмысын қамтамасыз ету. 2. Қызмет көрсетілетін машиналардағы ақауларды жою. 3. Линтерлерді жөндеуге қатысу. 4. Торларды тазалау жұмыстарын орындау. 5-разрядқа арналған машықтар: 1. Жабдықты профилактикалық тазалау. 2. Автоматтандыру құралдарын жөндеу жұмыстарын жүргізу. 3. Жабдықтың жұмыс режимін бақылау. 4. Төменгі разрядтағы оператордың жұмысын басқару.
		Білімдер: 4-разрядқа арналған білімдер: 1. Қызмет көрсетілетін жабдықтың құрылымы. 2. Тұқымдарды линтерлеу технологиялық процесі. 3. Линт пен тұқымға қойылатын стандарттар. 5-разрядқа арналған білімдер: 1. Жабдықтарды қашықтан басқару схемасы. 2. Цех жабдықтарын реттеу қағидалары. 3. Линт сапасына қойылатын талаптар.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді
	Еңбек функциясы 2: Нормативтік талаптарға сәйкес мақта тұқымдарын алу процесін қамтамасыз ету	Машықтар: 4-разрядқа арналған машықтар: 1. Линтерлерді толық линт алу үшін реттеу. 2. Сапаға әсер ететін ақауларды жою. 3. Линтерлеу барысында тұқымның сақталуын қамтамасыз ету. 5-разрядқа арналған машықтар: 1. Толық линт алу үшін линтерлердің қуат алуын реттеу. 2. Жабуларды жою. 3. Линт пен тұқым сапасын бақылау. 4. Қашықтықтағы пульт арқылы процесті басқару.
	Дағды 1: Линтты тұқымнан толық алу және тұқымның зақымданбауын қамтамасыз ету	Білімдер: 4-разрядқа арналған білімдер: 1. Тұқымдарды линтерлеу технологиялық процесі. 2. Линт пен тұқымға қойылатын стандарттар. 3. Жабдықтың құрылымы. 5-разрядқа арналған білімдер: 1. Цех жабдықтарын реттеу қағидалары. 2. Линт пен тұқым сапасына қойылатын талаптар. 3. Жабдық пен пульттың құрылымы.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді
	Дағды 2: Линтерлеу процесінде ақаулардың алдын алу	Машықтар: 4-разрядқа арналған машықтар: 1. Процесті бақылап, ақаулардың пайда болуын болдырмау. 2. Линтерлердің жұмысын сапа талаптарына сәйкес реттеу. 3. Ақауларды анықтап, оларды жою. 4. Технологиялық режимді сақтау. 5-разрядқа арналған машықтар: 1. Линтерлердің қуат алуын реттеп, ақаулардың алдын алу. 2. Жабдыққа профилактикалық қызмет көрсету. 3. Өнімнің нормативтік талаптарға сәйкестігін бақылау. 4. Қашықтықтағы пульт арқылы процесті басқару.

		Білімдер:	
		4-разрядқа арналған білімдер: 1. Тұқымдарды линтерлеу технологиялық процесі. 2. Линт пен тұқымға қойылатын стандарттар. 3. Жабдықтың құрылымы. 5-разрядқа арналған білімдер: 1. Цех жабдықтарын реттеу қағидалары. 2. Өнім сапасына қойылатын талаптар. 3. Қашықтан басқару схемасы.	
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді	
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Типтік практикалық міндеттерді шешуде дербестік көрсете отырып, басшылық етудегі қызмет. Басшының алға қойған міндетін негізге ала отырып, өз қызметін жоспарлау		
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:	1. «Астықтың қауіпсіздігі туралы» КО ТР 015/2011 – техникалық дақылдарға, соның ішінде мақтаға қолданылады. 2. «Азық-түлік өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» КО ТС 021/2011 – мақта тұқымынан алынатын өнімдерге (май, шрот) қойылатын талаптар. 3. «Азық-түлік өнімдерін таңбалау бөлігінде» КО ТС 022/2011 – шиті-мақта, талшықты және тұқымды таңбалау ережелері. 4. «Минералдық тыңайтқыштардың қауіпсіздігі туралы» КО ТР 039/2016 – мақта өсіру кезінде тыңайтқыштарды қолдануды реттейді. 5. «Химиялық өнімдердің қауіпсіздігі туралы» КО ТР 041/2017 – өсімдіктерді қорғау құралдары мен мақтаны сақтау және өңдеу кезінде қолданылатын химикаттарды қамтиды. 6. «Мақта саласын дамыту туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (2007 ж.) – саланы реттейтін негізгі нормативтік акт. 7. «Шиті-мақтаны алғашқы өңдеу процесін ұйымдастыру қағидалары» (ҚР АШМ-нің 07.07.2015 ж. № 4-3/611 бұйрығы) – шиті-мақтаны қабылдау, сақтау және өңдеу тәртібі. 8. «Шиті-мақта. Техникалық шарттар» МемСТ 32793-2014 – шиті-мақта сапасына қойылатын талаптар. 9. «Мақта-талшық. Техникалық шарттар» МемСТ 32794-2014 – мақта талшығының сапа стандарттары. 10. «Мақта тұқымдары. Техникалық шарттар» МемСТ 32795-2014 – мақта тұқымдарына қойылатын талаптар. 11. «Шиті-мақта мен мақта-талшықты сынау әдістері» МемСТ 32796-2014 – шикізат пен өнім сапасын бағалау әдістері. 12. «Азық-түлік қауіпсіздігі менеджменті жүйелері» ҚР СТ ISO 22000:2019 – мақта тұқымын қайта өңдеу (май, шрот) үшін қолданылады.		
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:	
	4	Сапаны бақылау зертханашысы	
	6	Сапаны бақылау инженері	
10. Кәсіптің карточкасы «Джин жабдықтарының операторы»:			
Топтың коды:	8151-9		
Қызмет атауының коды:	8151-9-017		
Кәсіптің атауы:	Джин жабдықтарының операторы		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	3		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	«Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын (43-шығарылым) бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 22 қаңтардағы № 19 бұйрығы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 24 қаңтарда № 19923 болып тіркелді 2-тарау. Мақтаны және тінді дақылдарды алғашқы өңдеу жұмыстарына арналған разрядтар бойынша жұмысшы кәсіптерінің тарифтік-біліктілік сипаттамалары 2-тарау. Мақтаны және тінді дақылдарды алғашқы өңдеу жұмыстарына арналған разрядтар бойынша жұмысшы кәсіптерінің тарифтік-біліктілік сипаттамалары 3-параграф. Джин жабдығының операторы, 4-разряд 4-параграф. Джин жабдығының операторы, 5-разряд 5-параграф. Джин жабдығының операторы, 6-разряд		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: ТжКБ (жұмысшы кәсіптер)	Мамандық: Талшықты материалдарды өңдеу технологиясы	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	Талап етілмейді		
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:			

Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	8159-9-024 - Линтерлік жабдықтың операторы	
Қызметтің негізгі мақсаты:	Шитті мақтаны джинирлеу процесін қамтамасыз ету және мақта талшығын алу	
Еңбек функциялардың сипаттамасы		
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Шитті мақтаны джинирлеу процесін және Джин батареясының жұмыс қабілеттілігін қамтамасыз ету 2. Техникалық шарттардың нормативтік талаптарына сәйкес мақта талшығын алуды қамтамасыз ету
	Қосымша еңбек функциялары:	
Еңбек функциясы 1: Шитті мақтаны джинирлеу процесін және Джин батареясының жұмыс қабілеттілігін қамтамасыз ету	Дағды 1: Шитті мақта дөндерін талшықтан берілген режимде бөлу	Машықтар:
		4-разрядқа арналған машықтар: 1. Валикті және сексен аралы джинде джинация процесін жүргізу. 2. Джин батареясына және қосалқы жабдықтарға қызмет көрсету. 3. Ақауларды жою және бітелулерді ашу. 4. Араны және пластиналарды ауыстыруға қатысу. 5-разрядқа арналған машықтар: 1. Жүз отыз аралы джинде және басқару пульті арқылы джинация процесін жүргізу. 2. Джиндардың қоректендірілуін реттеу және талшық сапасын бақылау. 3. Валиктердің тығыздығын және тұқымдағы қалдық талшықты тексеру. 4. Қалдықтарды жоюды ұйымдастыру және төмен біліктілікті операторлардың жұмысын басқару. 6-разрядқа арналған машықтар: 1. Жүз жетпіс аралы джинде джинация процесін жүргізу. 2. Джин батареясына қызмет көрсету және күрделі ақауларды жою. 3. Араны, торларды және сеткаларды тазалау. 4. Технологиялық саңылаулар мен ажыратуларды реттеу.
		Білімдер:
		4-разрядқа арналған білімдер: 1. Жабдықтың құрылысы және пайдалану қағидалары. 2. Джинация технологиясының процесі. 3. Шитті мақтаға, талшыққа, тұқымға және қалдықтарға арналған стандарттар. 4. Еңбек қауіпсіздігі және өртке қарсы қауіпсіздік қағидалары. 5-разрядқа арналған білімдер: 1. Жабдықты автоматтандырылған басқару схемасы. 2. Технологиялық режимді реттеу қағидалары. 3. Мақта талшығының сапасына қойылатын талаптар. 4. Стандарттар және техника қауіпсіздігі. 6-разрядқа арналған білімдер: 1. Жабдықтың құрылысы және пайдалану қағидалары. 2. Технологиялық саңылаулардың шамалары. 3. Джинация ақауларын болдырмау әдістері. 4. Талшық пен тұқым сапасының стандарттары.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді

Дағды 2: Джин батареясына, оған қатысты технологиялық және қосалқы жабдықтарға қызмет көрсету	Машықтар: 4-разрядқа арналған машықтар: 1. Джин батареясына және қосалқы жабдықтарға қызмет көрсету. 2. Қоректендіргіштердің, конвейерлердің және сорғыш қондырғылардың бітелуін жою. 3. Шикізат білігін мерзімді түсіру, жұмыс біліктеріндегі ойықтарды тазалау. 4. Араны және пластиналарды ауыстыруға, саңылауларды реттеуге қатысу. 5-разрядқа арналған машықтар: 1. Қатаң соғу механизмі бар және жүз отыз аралық джиндегі батареяға қызмет көрсету. 2. Жабдықты дистанциялық пульт арқылы басқару. 3. Джиндардың қоректендірілуін реттеу және ақауларды жою. 4. Қалдықтарды жоюды ұйымдастыру, профилактикалық тазалау және жөндеу жүргізу. 5. Төмен біліктілікті оператордың жұмысын басқару. 6-разрядқа арналған машықтар: 1. Жүз жетпіс аралы джиндегі батареяға қызмет көрсету. 2. Күрделі ақауларды жою және бітелулерді ашу. 3. Араны, торларды және сеткаларды тазалау. 4. Технологиялық саңылаулар мен ажыратуларды реттеу.	Білімдер: 4-разрядқа арналған білімдер: 1. Жабдықтың құрылысы және пайдалану қағидалары. 2. Джиннирлеудің технологиялық процесі. 3. Шитті мақтаға, талшыққа, тұқымға және қалдықтарға арналған стандарттар. 4. Еңбек қауіпсіздігі және өртке қарсы қауіпсіздік қағидалары. 5-разрядқа арналған білімдер: 1. Жабдық пен басқару пультінің құрылысы және қағидалары. 2. Автоматтандырылған басқару схемасы. 3. Технологиялық режимді реттеу қағидалары. 4. Талшық сапасына қойылатын талаптар. 5. Еңбек қауіпсіздігі және ішкі еңбек тәртібі қағидалары. 6-разрядқа арналған білімдер: 1. Жабдықтың құрылысы және пайдалану қағидалары. 2. Технологиялық саңылаулардың шамалары. 3. Джиннирлеу ақауларын болдырмау әдістері. 4. Талшық пен тұқым сапасының стандарттары. 5. Еңбек қауіпсіздігі және өртке қарсы қауіпсіздік қағидалары.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді
Еңбек функциясы 2: Техникалық шарттардың нормативтік талаптарына сәйкес мақта талшығын алуды қамтамасыз ету		

Дағды 1: Тұқымнан талшықты толық алу, тұқымның зақымдануын және артық қалдықтардың пайда болуын болдырмау	Машықтар: 4-разрядқа арналған машықтар: 1. Валикті және сексен аралы джінде джинация процесін жүргізу. 2. Тұқым зақымданбай талшық алуды қамтамасыз ету. 3. Артық қалдықтардың болмауын бақылау. 4. Сапаға әсер ететін ақауларды жою. 5-разрядқа арналған машықтар: 1. Жүз отыз аралы джінді және басқару пульті арқылы джиннирлеу процесін жүргізу. 2. Валиктердің тығыздығын және тұқымдағы қалдық талшықты тексеру. 3. Улюктің бөлінуін реттеу және қалдықтардың пайда болуын болдырмау. 4. Қалдықтарды жоюды ұйымдастыру және талшық сапасын бақылау. 6-разрядқа арналған машықтар: 1. Жүз жетпіс аралы джінде джинация процесін жүргізу. 2. Тұқым зақымданбай талшықты толық алуды қамтамасыз ету. 3. Араны, торларды және сеткаларды тазалау. 4. Технологиялық саңылаулар мен ажыратуларды реттеу. Білімдер: 4-разрядқа арналған білімдер: 1. Джиннирлеудің технологиялық процесі. 2. Шитті мақтаға, талшыққа, тұқымға және қалдықтарға арналған стандарттар. 3. Жабдықтың құрылысы және пайдалану қағидалары. 4. Еңбек қауіпсіздігі және өртке қарсы қауіпсіздік қағидалары. 5-разрядқа арналған білімдер: 1. Жабдықты автоматтандырылған басқару схемасы. 2. Технологиялық режимді реттеу қағидалары. 3. Мақта талшығының сапасына қойылатын талаптар. 4. Тұқымның зақымдануын болдырмау әдістері. 6-разрядқа арналған білімдер: 1. Жабдықтың құрылысы және пайдалану қағидалары. 2. Технологиялық саңылаулардың шамалары. 3. Джиннирлеу ақауларын болдырмау әдістері. 4. Талшық пен тұқым сапасының стандарттары.
Дағдыны тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді
Дағды 2: Джиннирлеу ақауларын алдын алу және технологиялық режимді қамтамасыз ету	Машықтар: 4-разрядқа арналған машықтар: 1. Жабдықтың жұмысын бақылап, ақаулардың алдын алу. 2. Технологиялық режимді сақтау. 3. Ұсақ ақауларды жою. 4. Шикізаттың біркелкі берілуін қадағалау. 5-разрядқа арналған машықтар: 1. Джиндардың қоректендірілуін реттеп, ақаулардың алдын алу. 2. Тұқымдағы қалдық талшықты және валиктердің тығыздығын тексеру. 3. Қалдықтарды жоюды ұйымдастыру. 4. Төмен біліктілікті оператордың жұмысын басқару. 6-разрядқа арналған машықтар: 1. Технологиялық саңылаулар мен ажыратуларды реттеу. 2. Араны, торларды және сеткаларды тазалап, режимді сақтау. 3. Жүз жетпіс аралы джінді тұрақты процесті қамтамасыз ету. 4. Күрделі ақауларды жою.

	Білімдер:	
	4-разрядқа арналған білімдер: 1. Джиннирлеудің негізгі ақаулары және олардың себептері. 2. Жабдықтың технологиялық режимі. 3. Талшық сапасының стандарттары. 4. Еңбек қауіпсіздігі және өртке қарсы қауіпсіздік қағидалары. 5-разрядқа арналған білімдер: 1. Жабдықты автоматтандырылған басқару схемасы. 2. Технологиялық режимді реттеу қағидалары. 3. Талшық сапасына қойылатын талаптар. 4. Джиннирлеу ақауларын болдырмау әдістері. 6-разрядқа арналған білімдер: 1. Технологиялық саңылаулардың шамалары және олардың сапаға әсері. 2. Джиннирлеу ақауларын болдырмау әдістері. 3. Жоғары өнімді джиндардағы технологиялық процесс. 4. Талшық пен тұқым сапасының стандарттары.	
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Типтік практикалық міндеттерді шешуде дербестік көрсете отырып, басшылық етудегі қызмет Басшының алға қойған міндетіне сүйене отырып, өз қызметін жоспарлау.	
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:	1. «Астықтың қауіпсіздігі туралы» КО ТР 015/2011 – техникалық дақылдарға, соның ішінде мақтаға қолданылады. 2. «Азық-түлік өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» КО ТР 021/2011– мақта тұқымынан алынатын өнімдерге (май, шрот) қойылатын талаптар. 3. «Азық-түлік өнімдерін таңбалау бөлігінде» КО ТР 022/2011 – шиті-мақта, талшықты және тұқымды таңбалау ережелері. 4. «Минералдық тыңайтқыштардың қауіпсіздігі туралы» КО ТР 039/2016 – мақта өсіру кезінде тыңайтқыштарды қолдануды реттейді. 5. «Химиялық өнімдердің қауіпсіздігі туралы» КО ТР 041/2017 – өсімдіктерді қорғау құралдары мен мақтаны сақтау және өңдеу кезінде қолданылатын химикаттарды қамтиды. 6. «Мақта саласын дамыту туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (2007 ж.) – саланы реттейтін негізгі нормативтік акт. 7. «Шиті-мақтаны алғашқы өңдеу процесін ұйымдастыру қағидалары» (ҚР АШМ-нің 07.07.2015 ж. № 4-3/611 бұйрығы) – шиті-мақтаны қабылдау, сақтау және өңдеу тәртібі. 8. «Шиті-мақта. Техникалық шарттар» МемСТ 32793-2014 – шиті-мақта сапасына қойылатын талаптар. 9. «Мақта-талшық. Техникалық шарттар» МемСТ 32794-2014 – мақта талшығының сапа стандарттары. 10. «Мақта тұқымдары. Техникалық шарттар» МемСТ 32795-2014 – мақта тұқымдарына қойылатын талаптар. 11. «Шиті-мақта мен мақта-талшықты сынау әдістері» МемСТ 32796-2014 – шикізат пен өнім сапасын бағалау әдістері. 12. «Азық-түлік қауіпсіздігі менеджменті жүйелері» ҚР СТ ISO 22000:2019 – мақта тұқымын қайта өңдеу (май, шрот) үшін қолданылады.	
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:
	4	Сапаны бақылау зертханашысы
	5	Учаске шебері
11. Кәсіптің карточкасы «Тоқыма өндірісінің кептіру жабдығының операторы»:		
Топтың коды:	8151-9	
Қызмет атауының коды:	8151-9-043	
Кәсіптің атауы:	Тоқыма өндірісінің кептіру жабдығының операторы	
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	3	
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:		
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	«Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын (43-шығарылым) бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 22 қаңтардағы № 19 бұйрығы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 24 қаңтарда № 19923 болып тіркелді 2-тарау. Мақтаны және тінді дақылдарды алғашқы өңдеу жұмыстарына арналған разрядтар бойынша жұмысшы кәсіптерінің тарифтік-біліктілік сипаттамалары 8-параграф. Кептіргіш жабдықтың операторы, 3-разряд 9-параграф. Кептіргіш жабдықтың операторы, 4-разряд 10-параграф. Кептіргіш жабдықтың операторы, 5-разряд	

Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: ТЖКБ (жұмысшы кәсіптер)	Мамандық: Талшықты материалдарды өңдеу технологиясы	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	Талап етілмейді		
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:			
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	8159-9-024 - Линтерлік жабдықтың операторы		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Шитті мақтаны қалыпты ылғалдылыққа дейін техникалық шарттарға сәйкес одан әрі өңдеу процесіне дейін кептіру		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Ылғалды шитті мақтаны одан әрі өңдеуге немесе ұзақ сақтауға кептіру процесін қамтамасыз ету 2. Техникалық шарттардың нормативтік талаптарына сәйкес ылғалды мақта шикізатын алу процесін қамтамасыз ету	
	Қосымша еңбек функциялары:		
Еңбек функциясы 1: Ылғалды шитті мақтаны одан әрі өңдеуге немесе ұзақ сақтауға кептіру процесін қамтамасыз ету	Дағды 1: Шитті мақтаны кептіру	Машықтар:	
		3-разрядқа арналған машықтар: 1. Шикізатты оператордың басшылығымен кептіру процесін жүргізу. 2. Шикізат қабатын белгіленген қалыңдықта қалыптастыру. 3. Шикізатты қолмен біркелкі тығыздықпен тиеу. 4-разрядқа арналған машықтар: 1. Шитті мақтаны барабанды кептіргіш машиналарда режим бойынша кептіру. 2. Құралдар арқылы процесті бақылау және реттеу. 3. Транспортерге біркелкі тиеуді қамтамасыз ету. 5-разрядқа арналған машықтар: 1. Шитті мақтаны автоматтандырылған машиналарда кептіру. 2. Автоматты басқару жүйесі арқылы процесті реттеу. 3. Шитті мақтаны нормативтік ылғалдылыққа дейін кептіру.	
		Білімдер:	
		3-разрядқа арналған білімдер: 1. Қызмет көрсетілетін жабдық пен механизмдерді реттеу қағидаларын. 2. Шикізаттың қасиеттері мен белгілерін. 3. Кептіру технологиялық процесін. 4-разрядқа арналған білімдер: 1. Жабдықтың құрылымдық ерекшеліктерін және реттеу тәсілдерін. 2. Қадағалап өлшеу құралдарының қызметін. 3. Кептірілген шикізаттың сапасын. 5-разрядқа арналған білімдер: 1. Жабдықтың кинематикалық сызбасын. 2. Автоматты басқару құралдарын. 3. Кептіру процесіндегі ақауларды жою туралы.	
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді	

	Дағды 2: Кептіру барабанына, біріктірілген технологиялық және қосалқы жабдыққа қызмет көрсету	Машықтар: 3-разрядқа арналған машықтар: 1. Сабақты кесу және тамырды қию машинасын қызмет көрсету. 2. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау талаптарын сақтау. 4-разрядқа арналған машықтар: 1. Фильтрлердің, желдеткіштердің, камералардың және транспортерлердің жұмысын қамтамасыз ету. 2. Кептіргіш барабан мен қосалқы жабдықты қызмет көрсету. 3. Кептірілген трестаны бақылау. 5-разрядқа арналған машықтар: 1. Кептіргіш машинаның және пульттің жұмысын бақылау. 2. Техникалық ақаулардың алдын алу және жою. 3. Кептіргіш машинаны және механизмдерді жөндеуге қатысу.
		Білімдер:
		3-разрядқа арналған білімдер: 1. Жүктеу тығыздығын. 2. Сабақты кесу және тамырды қию ережелерін. 3. Ішкі еңбек тәртібі қағидаларын. 4. Қауіпсіздік талаптарын. 4-разрядқа арналған білімдер: 1. Кептірілген шикізат сапасын. 2. Технологиялық және температуралық режимді. 3. Еңбекті қорғау және өрт қауіпсіздігі талаптарын. 5-разрядқа арналған білімдер: 1. Жабдықты жөндеу қағидаларын. 2. Ішкі еңбек тәртібі талаптарын. 3. Кептіру процесіндегі кемшіліктерін жою туралы.
		Дағдыны тану мүмкіндігі:
